



CENTER FOR  
ANALYTICAL  
RESEARCH &  
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ  
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ  
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференцияның  
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-  
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ  
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И  
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific  
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF  
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL  
SECURITY»**

**АСТАНА 2023**

**УДК 657(069)**  
**ББК 65.052.21**  
**С 23**

**С** Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

**ISBN 978-601-337-851-0**

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

**ISBN 978-601-337-851-0**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023

- 9) Указ Президента Республики Казахстан № 167 от 11 января 2016 года «Об утверждении Общих стандартов государственного аудита и финансового контроля».

## **ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**

**Дагылова А.Е.**

«Мемлекеттік аудит» БББ 4 курс студенті  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,  
Қазақстан Республикасы  
E-mail: [adagilova@inbox.ru](mailto:adagilova@inbox.ru)

**Ғылыми жетекші: Алибекова Б.А.,**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» кафедрасының  
профессор м.а., экономика ғылымдарының кандидаты,  
доцент

**Аннотация.** Технологиялық жаңалықтар әлемдік нарықтың құрылымы мен қажеттіліктерін түбегейлі өзгертеді. Біз бұрынғыға қарағанда мүлде өзгеше технологиялық болмыста өмір сүріп жатырмыз. Цифрлық технологиялар және басқа да көптеген ғылыми жетістіктер мемлекеттік аудит органдарының қызметтік ортасын ғана емес, сонымен қатар өздерінің бизнес-процестерін де өзгертуді талап етеді. Қазіргі уақытта мемлекеттік аудит саласы жедел, сенімді және толық ақпаратты талап етеді. Осыған байланысты аудиторлық қызметте жасанды интеллект технологияларын қолдану өте өзекті, стратегиялық маңызы бар. Дегенмен, мемлекеттік аудитте жасанды интеллектті пайдалану әлеуеті өте жоғары болса да, біздің зерттеулеріміз оның теориялық және эксперименттік зерттеу үшін жеткіліксіз екенін көрсетті. Біздің мақаламыз осы мәселені шешуге бағытталған және мақсатымыз Қазақстанда мемлекеттік аудит саласында жасанды интеллектті қолдану дәрежесін зерделеу арқылы өзекті мәселелерді анықтау және жетілдіру жолдарын ұсыну.

**Түйін сөздер:** мемлекеттік аудит, цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, электрондық мемлекеттік аудит, Ішкі мемлекеттік аудит комитеті, «Қаржылық бақылау. Тәуекелдерді басқару жүйесі» кіші жүйесі.

**Аннотация.** Технологические новинки кардинально меняют структуру и потребности мирового рынка. Мы живем в совершенно иной технологической реальности, чем раньше. Цифровые технологии и многие другие научные достижения требуют изменения не только служебной среды органов государственного аудита, но и собственных бизнес-процессов. В настоящее время сфера государственного аудита требует оперативной, достоверной и полной информации. В связи с этим применение технологий искусственного интеллекта в аудиторской деятельности имеет очень актуальное, стратегическое

значение. Однако, хотя потенциал использования искусственного интеллекта в государственном аудите очень высок, наши исследования показали, что его недостаточно для теоретических и экспериментальных исследований. Наша статья направлена на решение данной проблемы, и цель состоит в том, чтобы выявить и предложить пути совершенствования актуальных проблем путем изучения степени применения искусственного интеллекта в сфере государственного аудита в Казахстане.

**Ключевые слова:** государственный аудит, цифровые технологии, искусственный интеллект, электронный государственный аудит, Комитет внутреннего государственного аудита, подсистема «Финансовый контроль. Система управления рисками».

**Abstract.** Technological innovations are radically changing the structure and needs of the global market. We live in a completely different technological reality than before. Digital technologies and many other scientific achievements require changes not only in the service environment of state audit bodies, but also in their own business processes. Currently, the sphere of state audit requires prompt, reliable and complete information. In this regard, the use of artificial intelligence technologies in auditing activities is of very urgent, strategic importance. However, although the potential for using artificial intelligence in government audit is very high, our research has shown that it is not enough for theoretical and experimental research. Our article is aimed at solving this problem, and the goal is to identify and suggest ways to improve current problems by studying the degree of application of artificial intelligence in the field of public audit in Kazakhstan.

**Key words:** state audit, digital technologies, artificial intelligence, electronic state audit, internal State Audit Committee, "Financial Control. Subsystem "risk management system".

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінде 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап пилоттық режимде комитеттің барлық аумақтық бөлімшелерінде мемлекеттік мекемелердің қаржы-шаруашылық қызметіне электрондық аудит модулі іске қосылды және «Электрондық мемлекеттік аудит» жаңа ішкі жүйесі 2023 жылдың бірінші маусым айынан бастап өнеркәсіптік пайдалануға беріледі.[1]

Бірақ, бұл жаңа модулдер өнеркәсіптік пайдалануға берілмеу себебінен, қазіргі таңда «Е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік функцияларды орындау және мемлекеттік қызметтер ұсыну жөніндегі бизнес-процестерін кешенді автоматтандыруға арналған. Жүйе Қаржы министрлігі және оның комитеттерінің ақпараттық ресурстарын бірыңғай кескіндемесі бар орталықтандырылған ақпараттық жүйеге интеграциялау және оның қосымшалары мен ресурстарына қауіпсіз әрі сенімді қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы құрылатын, Қазақстан Республикасының қаржыларын басқару

саласында бірыңғай ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымды қамтамасыз етеді. [2]

«Е-Қаржымині» Қаржы министрлігінің сапасы жағынан жаңа, басқарылатын ІТ-сәулетін құрудан және оның комитеттері қызметінің әрбір бағыты бойынша ашықтықты және тиімділікті арттырудан тұрады.

Сонымен қатар, зерттеу барысында «Е-Қаржымині» жүйесінің 2009 жылдан бастау алған даму тарихы 1-кестеде айқындалды.

1-кесте

«е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің тарихы

Жылы	Оқиға
2009	Электрондық Қаржы министрлігі жобасын әзірлеуге және енгізуге конкурс жарияланған болатын
2010	Жүйелік деңгейді құру: Портал, Интеграциялық шина, Деректер қоймасы, Талдау орталығы кіші жүйелерінің негіздерін салу
2011	Операциялық деңгейді құру: бухгалтер есеп, кадрларды басқару, бақылау деңгейінің яросы (ТБЖ), жүйелік деңгейді, жүйеішілік ландшафтты дамыту
2012	ҚР аумағында операциялық және бақылау деңгейін тираждау, қызметтерді көрсету үшін кіші жүйелердің ядросын құру, мониторинг деңгейінің ядросын құру
2013	РБ бойынша мониторинг деңгейін тираждау, интеграциялауды дамыту, операциялық, бақылау деңгейлерінің және мониторинг деңгейінің функционалын күшейту
2014	Жергілікті бюджетке мониторинг деңгейін тираждау, стратегиялық деңгейді тираждауды қамтамасыз ету, е-Қаржымині кешенін тәжірибелік пайдалану. Министрлік функционалдық талдау жүргізді. Бүкіл Қаржы министрлігіне тираждау жөніндегі жоба жүргізілуде
2016	Өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді. Алынған аттестат негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 16 наурыздағы №127 бұйрығымен "е-Қаржымині" ақпараттық жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді
Ескертпе: [2] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған	

«Е-Қаржымині» жүйесінің тарихын зерделей келе, оның мемлекет, халық және бизнес үшін бірнеше артықшылықтары бар екені айқындалды. (2-кесте)

2-кесте

#### «Е-Қаржымині» жүйесінің артықшылықтары

Мемлекет үшін	Халық және бизнес үшін
Мемлекеттік ведомстволардың өзара әрекет ету жеделдігі және тиімділігінің артуы Бюджетті басқару жөніндегі барлық ілеспе процестер электрондық форматқа ауыстыру және орталықтандыру арқылы ведомствоаралық өзара әрекет етуді анағұрлым тиімді етті Сапасы және дұрыстығы Ақпаратты автоматты түрде шоғырландыру «адами факторды» жоюға мүмкіндік береді Үнемділік Есептердің көп санын жинауға және шоғырландыруға жұмсалатын шығындарды және еңбек ресурстарын азайту	Әкімшілік кедергілерді азайту және Қаржы министрлігі мен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызмет көрсету жеделдігін және сапасын арттыру Аудиторларды электрондық тіркеу, Қаржы министрлігі құзыреті шеңберінде лицензиялар алу және басқа Жосықсыз борышкерлердің жылжымайтын мүлігін сату жөніндегі электрондық аукциондар сияқты жаңа электрондық қызметтерді құру мүмкіндігі Ел бюджетінің атқарылуы жөніндегі ақпаратқа онлайн қол жеткізу
Ескертпе: [2] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған	

«Е-Қаржымині» жүйесінің артықшылықтарын анықтай келе, бұл базаның мемлекет, халық және бизнес үшін де айтарлықтай маңызы зор екеніне көзіміз жетті. Озық цифрлық технологияларды пайдалана отырып, мемлекеттік қаржы саласындағы үздік ІТ шешімдерді жасау, енгізу, көбейту, техникалық қолдау және дамыту жөніндегі жобалар портфелін басқаратынын анықтадық. Қазақстан Республикасының және көршілес мемлекеттердің қаржы саласындағы мемлекеттік органдары мен ұйымдары үшін ІТ шешімдердің ірі жеткізушісі ретінде «Е-Қаржымині» -нің таптырмас жүйе екенін көре аламыз.[2]

Қазіргі таңда, Ішкі мемлекеттік аудит комитеті өз қызметінде «Е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің «Қаржылық бақылау. Тәуекелдерді басқару жүйесі» кіші жүйесі бар «Қаржылық бақылау» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесін озық түрде қолданады.

«Қаржылық бақылау. Тәуекелдерді басқару жүйесі» кіші жүйесі тәуекелдерді мониторингілеу, жоспарлау және басқару процесіне заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу жолымен мемлекеттік бюджет қаражатының жұмсалуды бақылаудың және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру саласындағы мониторингтің тиімділігін арттыруға арналған.[3]

«Қаржылық бақылау. Тәуекелдерді басқару жүйесі» кіші жүйесінің негізгі мақсаттары 1-суретте көрсетілген.

- 1 Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы қызметті жоспарлау сапасын арттыру
- 2 Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы ашықтықты арттыру
- 3 Басқарушылық шешімдер қабылдауға жәрдемдесетін құралды енгізу
- 4 Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің аумақтық бөлімшелерінің қызметін басқару сапасын арттыру
- 5 Бақылауды тек бақыланатын салада тәуекел тудыруы мүмкін субъектілерге бағыттау
- 6 Объектілерді бақылау мен мониторингті қамтуды ұлғайту
- 7 Қаржылық бақылауды жүзеге асыруға бюджет қаражатының шығыстарын азайту
- 8 Ішкі мемлекеттік аудиттің тиімділігін арттыру

1-сурет. «Қаржылық бақылау. Тәуекелдерді басқару жүйесі» кіші жүйесінің негізгі мақсаттары

Дереккөз [4]

Ішкі мемлекеттік аудит комитетінде базалық болып «Е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің «Қаржылық бақылау. Тәуекелдерді басқару жүйесі» кіші жүйесі бар «Қаржылық бақылау» жүйесі болып табылатынын анықтадық.

«Қаржылық бақылау» компонентінің «Ішкі мемлекеттік аудит» модулі аудиторлық іс-шараларды жүргізу процестерін автоматтандыруға арналған.

«Ішкі мемлекеттік аудит» модулі аудиторлық іс-шараларды жүргізудің технологиялық процесін автоматтандыруға және аудит объектілерін тексеруді жүзеге асыру процесінде қалыптасқан барлық құжаттарды (материалдарды) орталықтандырып сақтау үшін электрондық істі қалыптастыруға арналған.

«Қаржылық бақылау» жүйесі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ұйымдық құрылымының барлық деңгейлерінде енгізілді. Жүйеде 2002 жылдан бастап жүргізілген бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша деректер жинақтау жүзеге асырылады.[4]

Комитетте әкімшілік-басқару функциялары Қаржы министрлігінің орталық аппаратының ақпараттық жүйелерімен орындалады. Осы функцияларды орындау үшін мынадай ақпараттық жүйелер пайдаланылады:

- «ЕСЕП» ақпараттық жүйесі;
- «Қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру және нақтылау» ақпараттық жүйесі;
- «Бюджет процесінің Мониторингі» ақпараттық жүйесі;
- «Электрондық үкімет»– порталы шеңберінде іске асырылған құжат айналымы жүйесі пайдаланылады.[5]

«Е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің «Қаржылық бақылау. Тәуекелдерді басқару жүйесі» кіші жүйесінің «Ішкі мемлекеттік аудит» модулін практикалық пайдалану сипаттамасы және Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті 2016 жылғы 1 қазанда бекіткен «қаржылық бақылау» компонентін пайдаланушы басшылығының ажырамас бөлігі болып табылады.[5]

Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің камералдық бақылауды автоматтандыру үлгісінің дәлелі бойынша айта аламыз. Мәселен, соңғы 3 жылда процесті толық автоматтандырумен және тексерудің дистанциялық әдістерін дамытумен байланысты шаралар кешенінің арқасында объектіге шығу кезінде аудиторлар анықтаған мемлекеттік сатып алу бойынша бұзушылықтар 0,8 есеге төмендеген.

Егер дәлірек айтсақ: 2020 жылы мемлекеттік қаржылық бақылау кезінде мемлекеттік сатып алу бойынша бұзушылықтар сомасы 10 млрд.теңгені құраса, 2022 жылы мемлекеттік аудит 11 млрд. теңге сомаға мемлекеттік сатып алу бойынша бұзушылықтар анықталды. Бұл ретте, камералдық бақылау барысында соңғы 3 жыл ішінде дейін 34 млрд.теңге сомаға бұзушылықтар жойылды. Камералдық бақылауды автоматтандыру мемлекеттік сатып алуды барынша қамтуды 6 есе арттыруға мүмкіндік берді (3-кесте)


## Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің 2020-2022 жылдардағы камералдық бақылаудың нәтижелері

млн.теңге

№	Көрсеткіш	2020 жылы	2021 жылы	2022 жылы	Абсолютті ауытқу		Салыстырмалы ауытқу	
					2021/2020	2022/2021	2021/2020	2022/2021
1	Мемлекеттік сатып алу рәсімдері	10 413 904	11 942 314	11 844 063	-10 401 961	-98 251 416	-115%	-99,2%
2	Анықталған бұзушылықтар және рәсімдер	1 024 474	1 231 198	1 250 966	206 724 188	1 229 948	16,8%	-100%

Ескертпе: [6,7,8] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

Осылайша, 2020-2022 жылдардағы камералдық бақылаумен жалпы сомасы 10 437 689,9 млн.теңгеге 2 958 442 мемлекеттік сатып алу процедуралары қамтылды (2-сурет). Тексеру қорытындысы бойынша жалпы сомасы 2 256 924,7 мың.теңгеге 109 474 процедура бойынша мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың бұзушылығы анықталды. Сонымен қатар, бюджет және басқа да заңнама бұзушылықтары фактілерін анықтау және алдын алу бойынша құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмысқа баса назар аударылады. Атап айтқанда, құқық қорғау органдарының тапсырмалары мен сұрау салулары бойынша маман ретінде қорытынды беру үшін олардың қарамағына қызметкерлер бөлінеді.



2-сурет. Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің 2020-2022 жылдардағы камералдық бақылаумен анықталған бұзушылықтар мен рәсімдердің динамикасы



2-суретте көріп отырғанымыздай, Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің соңғы 3 жылғы камералдық бақылаумен қамтылған мемлекеттік сатып алу процедураларын қарастыру барысында анықталған бұзушылықтар мен рәсімдерге талдау жүргіздік. Тексеру қорытындысы бойынша жалпы сомасы 2 256 924,7 мың.теңгеге 109 474 процедура бойынша мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың бұзушылығы анықталды. 2020 жылы 31 731 бұзушылық нақтыланды. Ал, 2021 жылы 39 036 бұзушылық болса, 2022 жылы мемлекеттік сатып алу процедуралары 38 707 бұзушылықтар саны қамтылған және сонымен қатар, 2021 жылы 2020 жылға қарағанда 19%-ға өскен, бұл ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады, ал 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 0,8%-ға төмендегенін көре аламыз. Соңғы 3 жылда анықталған бұзушылықтар және рәсімдер сомасын зерттеу барысында 2020 жылы мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне бөлінген соманың 9%-ы бұзушылық анықталды. Ал, 2021 жылы 1%-ға төмендесе, 2022 жылы 10%-ға өскен.

Қорытындылай келе, Ішкі мемлекеттік аудит комитеті базалық болып «Е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің «Қаржылық бақылау. Тәуекелдерді басқару жүйесі» кіші жүйесін қызметінде жетік пайдаланатынын, оның мақсаты, функциялары және бұл жүйенің әлемдегі жетекші бағдарламалық жасақтама өндірушілерінің өнеркәсіптік платформаларында жасалатыны нақтыланды. Сонымен қатар, комитетте камералдық бақылау тетіктерін жетілдіру бойынша бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатқандығы анықталды. Мақала барысында жүргізген зерттеуімізге сәйкес, келесі қорытындылар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік бере аламыз:

- мемлекеттік аудит органдарының жасанды интеллект технологияларды қолдану деңгейі ҚР ҚМ ІМАК мысалында талданып, қазіргі таңда тек сараптамалық жүйелер құрылып пайдаланылатындығы анықталып, болашақта адам сияқты түсінуге, ойлауға және шешім қабылдауға қабілетті технологиялар қолданылу қажеттілігі негізделді.
- мақала барысында жасанды интеллектті еңгізуге кедергі келтіретін мәселелер айқындалды:
  1. мемлекеттік аудит органдарының қызметінде жасанды интеллект технологияларын игерген жоғары білікті кадрлардың жоқтығы;
  2. заманауи жоғарғы платформалармен жабдықталған материалдық техникалық базаның төмен деңгейі;
  3. мемлекеттік органдардың бухгалтерлік есепті жүргізуге шоғырландыруға мүмкіндік бермейтін түрлі бухгалтерлік жүйелерді қолдануы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ресми деректері
- 2 «е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің ресми сайты <https://ecc.kz/project/e-minfin>

3 «О состоянии и задачах развития государственного финансов»  
Министерство финансов Республики Казахстан -

4 ИС «Финансовый контроль. Система управления рисками»  
Комитета внутреннего государственного аудита Министерство финансов  
Республики Казахстан

5 Интегрированная автоматизированная информационная система «е-  
Минфин» Подсистема «Финансовый контроль. Система управления рисками»  
Компонент «Финансовый контроль» Руководство пользователя модуля  
«Внутренний государственный аудит» Министерство финансов Республики  
Казахстан

6 ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің 2020  
жылғы қызметінің нәтижелері

7 ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің 2021  
жылғы қызметінің нәтижелері

8 ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің 2022  
жылғы қызметінің нәтижелері

## **ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ ПОРТФЕЛЯ ЦЕННЫХ БУМАГ ИНСТИТУТОВ РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Кабдешев Дамир Каирович**

**Магистрант 2 курса ОП «Государственный аудит»**

**Евразийский Гуманитарный университет имени Л.Н. Гумилева**

**г. Астана, Республика Казахстан**

E-mail: [damnur12@mail.ru](mailto:damnur12@mail.ru)

### **Аннотация**

На сегодняшний день рынок ценных бумаг является одним из важнейших направлений развития экономики страны, поэтому правильно оценивать его состояние на данный момент, делать прогнозы на будущее и уметь находить решения для развития этого вида рынка является важной проблемой.

В Послании Главы государства народу Казахстана от 31 января 2017 года «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» обозначена необходимость придания импульса для развития фондового рынка, расширения возможности для населения инвестировать свои сбережения прежде всего в различные виды ценных бумаг и принятия мер, направленных на активизацию отечественного фондового рынка.

Одним из компонентов современной рыночной экономической системы является рынок ценных бумаг, который предполагает выпуск, размещение и обращение ценных бумаг с целью привлечения дополнительных инвестиций, в том числе иностранных, в экономику страны. Создание рынка ценных бумаг имеет решающее значение для оздоровления финансовой системы и преодоления спада производства. В условиях развитого рынка ценных бумаг